

III. Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары

- Оқушылардың кітапхананы пайдалану дағдыларын, ақпараттық мәдениетін және оқу мәдениетін қалыптастыру;
- Интеллектуалдық, адамгершілік тұрғыдан дамыған әрі дені сау тұлғаны тәрбиелеуге жағдай жасау;
- Ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және жүйелеу.

Кітапхана пайдаланушыларының құрамы

Кітапханада келесі пайдаланушылар тобы қызмет алады:

Пайдаланушылар санаты	Саны
Оқушылар	177
Педагог қызметкерлер	23
Тәрбиешілер	9
Басқа пайдаланушылар	23

Кітапхананың барлық жұмысы оның кітап қорына негізделген. Қорды тиімді пайдалану оқырмандардың білім қорын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Оқулықтар қоры ашық сөрелерде орналастырылған. Жаңа оқулықтар келіп түскен сайын кітап қоры толықтырылып отырады.

Оқулықтар қоры Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 25 мамырда №20708 болып тіркелген бастауыш білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін пайдалануға ұсынылған оқулықтар тізбесі негізінде жинақталған.

Қорда кейбір бағдарламалық шығармалар мен ағылшын тілі оқулықтары жеткіліксіз. Бұған олардың жоғары құны және даналарының аз болуы себеп болып отыр.

Сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған әдебиеттер де жеткіліксіз.

Педагогтерге арналған әдістемелік әдебиеттер қорын толықтыру қажеттілігі де сақталуда. Қазіргі уақытта кітапхана қорында жаңа әдістемелік құралдар мен оқу үдерісінде пайдалануға болатын көрнекі материалдар жеткіліксіз.

Оқулықтар қорының сақталуы өзекті мәселе болып отыр. Оқу жылының соңында оқулықтарды қабылдау барысында кейбір оқулықтардың мұқабасының жоқтығы, сондай-ақ қаламмен немесе бояумен белгі салынғаны анықталады.

Осыған байланысты жаңа оқу жылында оқулықтардың сақталуын бақылау жұмыстарын күшейту және арнайы рейдтер ұйымдастыру жоспарлануда.

Жыл сайын оқу жылының соңында оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізіліп, қажеттілігіне қарай жетіспейтін оқулықтарға тапсырыс беріледі.

Оқу жылының басында белгіленген кестеге сәйкес сынып жетекшілеріне негізгі пәндер бойынша оқулықтар таратылады.

Мектептің барлық оқушылары қажетті оқулықтармен толық қамтамасыз етілген.

Кітапхана қорын толықтыру жұмысы

Кітапхана жыл сайын оқу әдебиеттеріне тапсырыс беру арқылы өз қорын толықтырып отырады.

Қорды жинақтау төмендегі мекемелер арқылы жүзеге асырылады: